



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## № 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 753 Жарлығының және «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 911 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 25-тармағының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» ҚР Үкіметі қаулысының жобасына

2015 жылғы 17 тамыз

Алматы қ.

2015 жылғы 2 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Заңды іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 753 Жарлығының және «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 911 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 25-тармағының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын (бұдан әрі – Жарлықтың жобасы) Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына енгізу мақсатында ҚР Үкіметі қаулысының жобасын әзірледі.

Жарлықтың жобасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген, онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару мәселелері бойынша жәрдемдесу және Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар әзірлеу Кеңестің негізгі міндеттері болып табылатыны көзделген.

Бұдан басқа, Жарлықтың жобасында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жылдық есебін қарау бөлігінде Кеңестің функциялары толықтырылды.

Жоғарыда көрсетілген схема бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялау барысында қабылданатын шешімдердің транспаренттілігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен ақша ағындары мен Қазақстан Республикасының экономикасына салымдарды басқару тиімділігін қамтамасыз етеді.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)